



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың
«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ
ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР
АРҚЫЛЫ ШЕШУ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН
ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



интеллект саласында теңдессіз табысқа жетуде. Халықаралық құқықтың мән-маңызы кете бастады.

Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің рөлі мен мәртебесіне сай қазіргі басты түйткілдерді шешуге қауқарсыз болуда.

Экологиялық және техногендік апаттардың кесірінен түрлі елдердің экономикасы орасан шығынға батууда.

Батыстағы этносаралық-дінаралық үйлесім мен мәдени әр алуандық тұжырымдамасы дағдарысқа ұшырады. Жаһандық деструктивті күштер ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлердің іргесін шайқауда.

Босқындардың саны көбейіп, көші-кон дағдарысы туындады. Адам саудасы, қару-жарак пен есірткі саудасы да өршіп тұр.

Бұрын-соңды болмаған мүлде жаңа сын-қатерлер күллі адамзаттың қауіпсіздігіне нұқсан келтіруде. Тіпті жасанды интеллектіні пайдаланып, аса қауіпті қару жасайтындар пайда болды.

Геосаяси ахуалдың түбірімен өзгере бастағанын аңғарта-тын басқа да факторлар аз емес. Қысқаша айтсақ, әлемде жаңа геосаяси тәртіп орныға бастады.

2-6-бетте

МЕРЕЙ

ҮЛГІЛІ АУЫЛ –
ЕЛ АЙНАСЫ

АУЫЛ – ЕЛДІң АЛТЫН ДІңГЕГІ, САЛТ-ДӘСТҮР МЕН ҰЛТ БОЛМЫСЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ. ОСЫНДАЙ ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМДЫ АРҚАУ ЕТКЕН «ҮЛГІЛІ АУЫЛ - 2025» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ ЖЫЛ САЙЫН ДӘСТҮРЛІ ТҮРДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ.



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» акциясы аясында ауылдық елді мекендердің тазалығы мен абаттандырылуы, инфрақұрылымдық жағдайы, тұрғындардың белсенділігі, мәдениет, спорт және білім салаларындағы жетістіктерін бағалау мақсатында биылғы жылы да Маңғыстау облысының қалалар және аудандардағы ауылдар мен кенттер арасында «Үлгілі ауыл» конкурсы өтті.

Ауылдардың дамуы мен бірлігін көрсететін маңызды бастамаға бес ауданнан отыз тоғыз ауыл қатысып, оның ішінде соңғы кезеңге он ауыл сынға түсті. Ауылдар арасындағы байқаудың нәтижесі бойынша жеті елдімекен үздік деп танылып, оның ішінде барлық талаптарға сай жетістіктері жоғары бағаланған үш мыңнан астам халқы бар ауылдар арасында Бейнеу ауылы бірінші орынға, үш мыңнан аз тұрғыны бар ауылдар арасында Сыңғырлау ауылы үшінші орынды иеленіп, қаржылай қолдауға ие болды. Бұл жетістіктер жаңа Қазақстанның заманауи талаптарына сай ауылдың тұрмыстық деңгейі мен инфрақұрылымының қалыптасып келе жатқандығының көрінісі.


- Ауыл - мемлекеттің іргетасы. Мұндай байқаулар ауылдықтардың бірлігін арттырып, елді мекендердің әлеуметтік дамуына айрықша серпін береді. «Үлгілі ауыл» атағына ие болу – тек сән-салтанат емес, ол – бірліктің, ауыл тұрғындарының ауыл мәдениетіне деген жанашырлықтарының белгісі. Жеңімпаз атанған ауылдар үшін берілген қаржы ауылымыздың игілігі үшін, көгалдандыру жұмыстары мен инфрақұрылымды жақсартуға жұмсалатын болады, - дейді ауыл әкімі Нұржан Кенбаев.

Конкурста жеңімпаз деп танылған ауыл әкімдерін аймақ басшысы Нұрәулет Қилыбай арнайы марапаттап, сертификат табыс етті.

Үміт АСҚАРҚЫЗЫ.

БҮГІНГІ САНДА

ҰЛЫ ОЙШЫЛ,
КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒА



Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

Құрметті депутаттар!
Өткен аптада Парламенттің жаңа сессиясы ашылды. Қызметтеріңізге табыс тілеймін! Алдыңғы сессия жемісті болды деп күмәнсіз айтуға болады. Елге қажетті көптеген заң қабылданды.

Халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер көтерілді, жан-жақты талқыланды. Депутаттар жазғы демалыс кезінде аймақтарға барып, азаматтармен кездесті. Енді жұртшылық айтқан мәселелерді саралап,

Үкіметпен бірге пысықтап, осы сессия барысында ескеру қажет. Жалпы Парламент депутаттары елімізде түбегейлі реформалар жасау жолында маңызды рөл атқарып келеді. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін.

Қымбатты отандастар!
Құрметті Парламент депутаттары және Үкімет мүшелері! Қазір дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басты. Бұл дәуірдің барша адамзат үшін оңай болмайтыны анық.

Алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ауқымы өсіп бара жатыр. Халықаралық қағынастағы шиеленістер мен озбырлықтың салдарынан қақтығыстар мен соғыстар белең алды. Кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында әсіре ұлтшылдық күшейді.

Әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ушыға түсті. Кейбір мемлекеттер экономикалық дамуда артта қалып, кейбір елдер жасанды

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ
ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫ ЖАҢАРУДА



АУДАННЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫНДА АУҚЫМДЫ КӨМЕКТЕР КӨРСЕТІЛІП, ВЕТЕРИНАРИЯ ҚЫЗМЕТІ ЖАҢА МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ.

Атап айтқанда, ауданға облыстық бюджет қаражаты есебінен 11 жол талғамайтын жаңа автокөлік берілді. Оның 10-ы ауылдық ветеринариялық пункттерге бөлінсе, 1 автокөлік аудандық ветеринариялық станцияның пайдалануына тапсырылды. Бұл көліктер шалғай ауылдардағы ветеринар мамандардың жылдам әрі сапалы қызмет көрсетуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар ветеринар мамандардың жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін 11 дана компьютер мен 11 планшет табысталды. Ветеринариялық препараттар мен вакциналарды сақтау мақсатында ауданға 10 мұздатқыш (тоңазытқыш) жеткізілді.

Қазіргі таңда Бейнеу ауданы бойынша 10 ветеринариялық пункт пен 1 аудандық модуль-

дік ветеринариялық ғимараттың құрылысы жүргізіліп жатыр. Жоспарланған нысандар пайдалануға берілген соң, бұл шаралар ветеринариялық қауіпсіздікті күшейтуге және малшаруашылығының дамуына оң ықпал етпек. Бұл жұмыстар Мемлекет басшысының ветеринария жүйесін жаңғырту жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында жүзеге асырылып отыр. Ветеринария – биологиялық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі ретінде, ел экономикасы мен тұрғындардың денсаулығына тікелей әсер ететін сала. Сондықтан да Бейнеу ауданында бұл бағытта жүйелі жұмыстар жалғасын таба бермек.



ҰЛЫ ОЙШЫЛ, КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒА

Он тоғызыншы ғасырда дүниеге келіп, жиырма бірінші ғасырда адамзаттық дүниетанымның темірқазығы бола білген ұлы Абайға 180 жыл. Кемел ойдың иесі – қазақ тілінің негізін салған ақын, аудармашы, ағартушы-ұстаз, философ.

Ұлы ақын өз шығармаларында білім мен ғылымды адамшылықтың негізі деп түйіндейді. Шығармаларының тақырыбы – адамның асыл қасиетіне, өнер мен өнегеге, тәрбие мен тәлімге, білім мен ғылымға қаныққан кемел тұлға болуға үндейтін философиялық мазмұнда.

Ақынның қай шығармасында да негізгі идея – ғылым мен білім, өнер ме мәдениет және еңбекке баулу. Еңбек адамның ажары, бүтін келешегі, молшылық көзі деп танып, жалқаулық пен ысырапшылдықты, надандықты сынға алды. Заманынан озық туған ұлы ойшыл:

Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арман,
Шошымын кейінгі жас балалардан.
Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман -
деп, жалқаулық керін, адал ас ішуге арланатын жағымсыз мінезділерді сынға алады.

Сол сияқты «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтығы» бес дұшпан, «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымды» бес асыл іс деп, еңбек тәрбиесі мен адами құндылықтарды насихаттайды.

Осы бес дұшпан адам баласына әл бермейді. Онымен күресу керек, жеңу керек. Жеңу жолы

- бес асыл іс. Яғни «Адам бол!» идеясы. Өз дәуірінен терең ой, білім мен ғылым, талапты, қанағат пен рахымды іздеген толық адам іздейді.

Бұл өткен заманның ғана емес, бүгінгі заманға да қояр талап. Ұлы ойшылдың қанағатшылдығының мәні де бүгінгі күннің ең өзектісі. Қанағатсыздық – жемқорлық, мал шашпағы – ысырапшылдық, еріншектігі – кәсіпке құлықсыздық.

Кемел адам атануға не жетпейді? Кедергі мен кемшілік - осы. Кемеңгер ақын іске, мінез-құлыққа, талапшылдыққа ерекше мән береді. Толық адам болуға «Үш ақ нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» керек деп түйін жасайды.

Ақын шығармаларында жалқаулықты, еріншектікті тұтас ұлтқа сын, ұрпақ тәрбиелеудегі кіріккен кесел ретінде бейнелеген. Жастарды жалқаулықтың ақыры ұрлық-қарлыққа апарар жол деп, жамандықтан жиіренуге үгіттейді.

«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» деген өлеңінде:

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
Қаруынның барында қайран қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де жел – деп, табыс

тауып, өзін-өзі асырауды адал еңбекпен мал табуға шақырады.

Осы өлеңіндегі мазмұн мен идея адам тәрбиесіндегі маңыздылығын жоймақ емес. Өнегесі – дәуір алмасқан сайын адамзат дамуы үшін сөнбес шырақ. Ұлтымызды танудың төте жолы, ХХІ ғасырдағы заманның ізгілік қағидаттары мен қоғамның құндылықтарына сай мұра. Яғни ұлт руханиятын аңсаған ұрпақтың басын біріктіретін рухани тірек.

Адамды асырар адал еңбек пен ізденіс деген түйін жасайды. Бұл тағылым принциптері – өміршен. Ұлы ойшыл ақынның пәлсапасы жаңа дәуірге де жарамды. Халық аузында:

Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей - деген өлең жолдары адам өміріндегі еңбексүйгіштіктің уағыз - ұранына айналған.

Өз заманының кемеңгері бірқатар өлеңдерінде қазақ халқының надандық салдарынан көптің көшінен қалып бара жатқанына да жаны күйзеледі. Өзінің ғылым-білімді уақытында зерделей алмағанына өкініш білдіріп, жастарды оқып білім алуға шақырды.

Абай – орыстың, еуропаның мәдениетінен,

білім-ғылымынан өркениет жолын іздеген қазақ халқының келешегі үшін ой руханиятының шырағын жаққан реформатор. Шығармаларында Шығыс пен Батыстың мәдениетін, өркениетімен терең танысып, қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік, адамгершілік мәселелерін арқау етеді. Қазақ халқының ұлттық философиясының негізін салып, жаратылыстың, қоғамның, заманның сырын ұғына білді. Ұлы ақынның зерттеу объектісі – адамзат әлемі.

Пәлсапалық шығармаларының бірегейі – «Қарасөздері». Адам баласының өмірінің негізі – іздене жүріп жетілу мен көре біле кемелдену деп түйіндейді. Ғұлама ойшыл – адамзат баласына ақыл мен ойдың, ғылым-білімнің, тағылым мен танымның жемісін таныта білген кемеңгер. Адамзат баласы ақын шығармаларынан, философиялық түйіндерінен ғибрат алып қана қоймай, өмірдегі өз орнын табуға талпыныс жасай алады. Өткен ғасырдағы қазақ халқының өміріндегі орны толмас өкініштерінің сыры – білімнің осалдығы. Адамның жетілуі мен кемелденуі осы ғылым жетістігі деп ұққан кемеңгер ақын:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім
Пайдасын көре тұра тексермедім
Ер жеткен соң түспеді уысыма
Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - деп, білімсіз өмірдің өкініш екенін түсіндіреді.

Бұл - ақынның ағартушылық идеяларының мұраты. Ұлы ағартушының «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» сияқты өлеңдерінде адам қазынасы білім мен ғылым деп,

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқты-барды ертегіні термек үшін - деген ағартушылық ұстанымының алдына мақсат та қояды.

Ұлы ойшылдың өлеңдері мен қара сөздері көптің көңілін оятап, жақсылыққа шақырып, жамандық атаулыдан сақтандырады.

Адамзаттың ақылгөй-ойшылы жастарды өнер мен білім алуға шақырып, «Сен де бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та, бар қалан» - деп, өмірден орнын тауып, ғылымға қарап бой түзеуге үндейді.

Танат АМАЛБАЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lucent Petroleum» ЖШС келесі жоба бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетіндігі туралы хабарлайды: «Мұнайбай кен орнының «Бақыт» учаскесінде №ВН-2, ВН-3, ВН-5, ВН-6 өндіру ұңғымаларының құрылысының топтық техникалық жобасы» ҚОҚБ. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін жері: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранкүл а., Мәдениет үйінің ғимаратында Өткізілетін күні мен уақыты: 24.10.2025ж., сағат 15.00-де. Ықтимал әсер ету аймағы Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранкүл а. гео.координаттары с.е.45°42'53" ш.б. 53°41'47"

ЗOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/82218129196?pwd=VbRoaOabW9uVqmaVGENU0DvJcSeKZi.1> Конференция идентификаторы: 822 1812 9196 Кіру коды: 400281

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы:

Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталында <https://hearings.ndbecology.gov.kz> сондай-ақ Маңғыстау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/> орналастырылды, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz арқылы танысуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Lucent Petroleum» ЖШСі, тел. +7(701)-464-57-96 e-mail: d.slanbayev@lucentpetroleum.com.

Жобаны жасақтаушы «PRIME CAPITAL CORPORATION» ЖШС, e-mail. PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21

Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады: PrimeCompanyLTD@mail.ru және тел. +7 701-763-32-21.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Lucent Petroleum» объявляет о проведении общественных слушаний проекта: РООС к «Групповому техническому проекту на строительство эксплуатационных скважин №ВН-2, ВН-3, ВН-5, ВН-6 на участке Бахыт месторождения Мунайбай»; Место проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Бейнеуский район, с. Боранкул, в здании Дома культуры Дата и время проведения: 24.10.2025г. в 15.00 часов. Территория потенциального воздействия Мангистауская обл., Бейнеуский район, с. Боранкул гео.координаты с.ш. 45°42'53" в.д. 53°41'47"

В случае карантинных ограничений можно подключиться онлайн на платформе ZOOM, по ссылке: <https://us06web.zoom.us/j/82218129196?pwd=VbRoaOabW9uVqmaVGENU0DvJcSeKZi.1> Идентификатор конференции: 822 1812 9196 код входа: 400281

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа:

С материалами проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, а также на официальном интернет-ресурсе МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/> эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Lucent Petroleum» +7(701)-464-57-96 e-mail: d.slanbayev@lucentpetroleum.com. Проектная организация: ТОО «PRIME CAPITAL CORPORATION» эл.почта. PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: PrimeCompanyLTD@mail.ru и тел. +7 701-763-32-21.

№390

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Бейнеу ауданының тұрғындары және табиғи газ тұтынушылары (жеке тұлғалар, жеке тұрғын үйлер)!

«QazaqGaz Aimaq» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығы төмендегіні хабарлайды!!!

Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңның 4-тарау 19-бабы

1. Газ тұтыну жүйелерінің және газ жабдығының иелері олардың тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылар тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын беруді жүзеге асыратын газ тарату ұйымымен немесе топтық резервуарлық қондырғылардың иесімен не Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын мамандандырылған тәуелсіз ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

5. Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелеріне және газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасаспай, оларды пайдалануға тыйым салынады.

6. Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелеріне, газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйым олардың техникалық жарамды күйде болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Бұл жерде тұрмыстық тұтынушылардың ұғымы – жеке тұлғалар және жеке тұрғын үйлер.

Құрметті Бейнеу ауданы тұрғындары, осыған орай баршаларыңызды аталған заң аясында үй-іші газ құрылғыларыңызға (кірме краннан басталатын газ құбыры, жылыту қазандығы, газ пештер) аттестатталған лицензиясы бар мекемемен техникалық қызмет көрсетуге арналған келісім-шарт жасақтап, жұмыстарды жүзеге асыруға және келісім-шарт көшірмелерін біздің мекемеге тапсыруларыңызды сұраймыз!!!

Келісім-шарт жасақтамаған жағдайда, заң аясында газ көзінен ажырататынымызды қаперлеріңізге береміз!!!

Мекен-жайымыз: Бейнеу селосы Қосай Ата көшесі 38В ғимарат, «QazaqGaz Aimaq» АҚ МӨФ Бейнеу АГШ кенсесі. Тәулік бойы ақысыз қоңырау шалу: 104 нөмері.

№390

«QazaqGazAimaq» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалы Қазақстан Республикасының «Газ және газбен жабдықтау туралы» заңына сәйкес қауіпсіздік талаптарын бұзған және техникалық қызмет көрсету шарты жасалмаған тұтынушыларды газ желісінен ажырату жұмыстары жүргізіліп жатқанын хабарлайды.

№394